

Оңтүстік Қазақстан М.Әуезов атындағы университетінде әдебиеттанушы Елдос Тоқтарбаймен студенттер арасында ауқымды конференция өтті. Е.Тоқтарбай - балалар жазушысы, әдебиет сыншысы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.

Ол 1993 жылдың 23 қарашында Алматы облысының Көксу ауданы, Балпық би кентінде дүниеге келген. Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ-ның филология факультетін, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ның магистратурасын тәмамдаған. «Мен де АрқМПИ түлегімін...» публицистикалық, «Ақжелкеннің ұландары» прозалық шығар-

ӘДЕБИЕТТАНУШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

малар кітабының авторы. Сонымен қатар «Сөз-сәуле», «Жарық сәуле» әдеби портреттік эсселерін, «Жетісу өңірінің аңыз-әңгімелері», «Жетісудағы «Алаш» мектебі» кітаптарын жазған.

Конференция барысында Е.Тоқтарбайұлы студенттерге қазақ ұлтының құндылықтары мен қазақ ұлтына қызмет еткен қазақ зиялылары жайында баяндады.

-Алаш десе есімізге Әлихан Бөкейханов түседі. Қазақ жастарына Алаш зиялылары үлгі. Олардың сіңірген еңбектері де көп. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресудің басты мақсаты, маңызды міндеті, ұлтымызды ұйыс-

тыру, өз елімізді айқындау, өз ана тілімізді сақтау басты міндеттері болды. Қазақ жастары осы зиялылардың жолымен жүру керек. Бізге керегі бірінші орында білім. Білімсіз ештеңе өнбейді. Біз Алаш зиялыларының жүрген жолымен жүруіміз қажет. Олардың іс-әрекетін қайталап, олардың алған білімін алып, жастарға үлгі етсек ұтқанымыз. Сонымен бірге, тілді дамыту үшін де білім керек. Осы тұрғыдан келгенде Ахмет Байтұрсынұлының тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдос Омарұлының еңбектері білім алуға арналған керемет дү-

ниелер. Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалап кетті, - деді ол сөз арасында.

Жалпы айтқанда конференцияда студенттер Алаш зиялыларының қазақтың ұлт болып қалыптасуына сіңірген еңбектері жайында мол мағлұмат алды. Жазушы қонақпен сұрақ-жауап жүргізіп, көкейлерінде жүрген сауалдарға тұшымды жауап алды.

**Хадиша ЖАНЫЗАҚОВА,
Раушан БЕКНАЗАРОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дің
оқытушылары**